Аршалы кентінің №1 ЖОББМ-ң қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ

Өткен күні: 5 қаңтар 2026 жыл
Өткен орны: Аршалы к. №1 ЖОББМ, 25-кабинет
Қатысқандар: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері (7 адам)
Қатыспағандар: -

Күн тәртібі:

1. II тоқсандағы пән бойынша білім сапасын талдау;
2. II тоқсанда өткізілген сабақтан тыс жұмыстарды талдау;
3. Аттестациядан өтетін мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету;
4. Оқыту үрдісінде жасанды интеллект ресурстарын тиімді қолдану;
5. Пән олимпиадасы кезеңдерінің қорытындыларын талдау;
6. Әртүрлі мәселелер.

1) Бірінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестіктің жетекшісі Кайрмденова Арайлым Есболатовна сөз сөйледі. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Д.Бакиров «Білімкласс» жүйесінен ұсынған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен барлық сыныптардың үлгерімі мен білім сапасы туралы кесте түріндегі ақпаратпен таныстырды. Пән бойынша жалпы білім сапасы – 74,42% (мектеп бойынша 57%). Сонымен қатар әр пән мұғалімі толтырған үлгерім мен білім сапасының мониторингі кестесі бойынша I тоқсанмен салыстырмалы талдау жасалды.

2) Екінші мәселе бойынша ӘБ мүшелері 2025 жылғы қарашаның 10-нан 21-не қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің онкүндігін өткізу сапасына тоқталды. Онкүндік жоспарының құрылу ерекшеліктері, жоспарлау барысында жіберілген кемшіліктер сөз етілді. Алдағы уақытта пән онкүндігін өткізуде басты назарды сабақтан тыс жұмыстарға аудару қажеттігі, онкүндікті өткізу барысында негізгі мақсат пәнге деген қызығушылықты арттыру болу керек екені ерекше атап айтылды. Сонымен қатар сабақтан тыс іс-шараларды жоспарлауда пән мұғалімдерінің сағат жүктемесі де ескерілуі тиіс деген пікір айтылды.

3) Үшінші мәселе бойынша биылғы оқу жылында екі пән мұғалімінің аттестациядан өтетіні айтылды (С.Төлеген, А.Е.Кайрмденова). Аттестациядан өтетін мұғалімдердің ашық сабақтарына қатысу және бақылау парақтарын толтыру қажеттігін айтылды. Сонымен қатар екі зерттеуші-педагог Ж.К.Муканова мен Д.Б.Утепбаеваға «Ұстаз» платформасында бақылау парақтарын толтыру қажеттігі ескертілді.

4) Төртінші мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Толеген Сайрангүл Толегенқызы «Оқыту үрдісінде жасанды интеллект ресурстарын тиімді қолдану» тақырыбына баяндама жасады. Пән мұғалімі өзінің күнделікті жұмысы барысында қолданатын жасанды интеллект құралдарымен таныстырып, тәжірибесімен бөлісті. Өз тәжірибесінде қолданатын Joyteka, emaze, kvizly, Gamma, Wordwall платформаларының тиімді жақтарына, артықшылықтарына, сонымен қатар кемшілік тұстарына толық тоқталды.

(баяндамасы қоса беріледі)

Төртінші мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Дәуіт Балжан Ерланқызы қосымша баяндамашы ретінде Mektep.AI платформасы туралы ақпарат берді. Пән мұғалімі аталған платформаны тиімді қолданудың жолдарын нақты мысалдармен көрсетіп, тәжірибесімен бөлісті.

5) Бесінші мәселе бойынша пән мұғалімдері директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Д.Бакиров ұсынған пән олимпиадасының мектепішілік кезеңінің қорытындысын талдаумен таныстырылды. Олимпиада қорытындысы бойынша білім олқылықтары, назар аударуды қажет ететін мәселелер, ұсыныстар сөз етілді.

6) Әртүрлі мәселелер бойынша ағымдағы жұмыс барысы, соның ішінде тапсырмаларды орындау тәртібін сақтау қажеттігі айтылды. Сонымен қатар пән мұғалімі А.А.Абубакироваға тәлімгерлер тарапынан қандай көмектің қажет екенін анықтау мақсатында сұрақтар қойылды, ұсыныстар тыңдалды.

Ұсыныстар:

1. Пән бойынша үлгерім мен білім сапасы үнемі бақылауда болып, мониторинг тұрақты жүргізілсін;
2. Келесі жылдың пән онкүндігі жоспарында сабақтан тыс іс-шаралар түрлендірілсін, биылғы кемшіліктер жойылсын, ұсыныстар ескерілсін;
3. Зерттеуші-педагогтар Ж.К.Муканова мен Д.Б.Утепбаеваға «Ұстаз» платформасында бақылау парақтарын уақытында толтырсын;
4. Пән мұғалімі Толеген Сайрангүл Толегенқызы «Оқыту үрдісінде жасанды интеллект ресурстарын тиімді қолдану» тақырыбына жасаған баяндамасы мәлеметке алынсын, аталған ЖИ платформалары қолданысқа енгізілсін;
5. Олимпиадаға қатысты айтылған барлық ескертулер мәліметке алынсын, алдағы жұмыста ескерілсін;
6. Жұмысқа қатысты тапсырмаларды орындауда тәртіп пен талап міндетті түрде ескерілсін.

ӘБ жетекшісі **А.Е.Кайрмденова**

ӘБ хатшысы **Б.Е.Дәуіт**